

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2020 жылғы «5» ақпандағы
№ 51 бұйрығына 54-қосымша

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2013 жылғы 3 сәуірдегі
№ 115 бұйрығына 599-қосымша

**Сөйлеу тілінің күрделі бұзылыстары бар білім алушыларға арналған
бастауыш білім беру деңгейінің 3-4 сыныптары үшін
«Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар» пәнінен жаңартылған
мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы**

1 - тарау. Жалпы ережелер

1. Сөйлеу тілінің күрделі бұзылыстары бар білім алушыларға арналған бастауыш білім беру деңгейінің 3-4 сыныптары үшін «Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабы б) тармақшасына сәйкес әзірленген.

2. Бағдарламаның мақсаты - сөйлеу тілінің күрделі бұзылыстары бар білім алушылардың қазіргі заманауи ақпараттық технологиялардың базалық білімін, жұмыс жасау біліктілігін және оларды оқу мен күнделікті өмірде тиімді қолданудың дағдыларын меңгеруі болып табылады.

3. Бағдарлама міндеттері:

1) адамзат іс-әрекетінің әр түрлі саласындағы ақпараттық процестердің рөлін түсінуді қалыптастыру;

2) компьютер туралы, заманауи сандық технологиялар туралы алғашқы түсініктерді қалыптастыру;

3) компьютер жұмысының негізгі қағидаларын білім алушылардың меңгеруі, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдана отырып іздеу, өңдеу, сақтау, ақпаратты жіберу бойынша қарапайым операцияларды орындау;

4) ақпарат алмасуға, коммуникацияны жүзеге асыруға мүмкіндік беретін техникалық құралдарын қолдану дағдыларды дамыту;

5) компьютермен жұмыс жасау қауіпсіздік ережелерін сақтауды және авторлық құқықты сыйлауға үйрету;

6) білім алушылардың жүйелі логикалық, алгоритмдік ойлауын дамыту;

4. Түзете-дамыту міндеттері:

- 1) білім алушылардың пәнге байланысты негізгі түсініктер мен ұғымдарды меңгеруі, пәндік материалдар негізінде тілдік құрылымдарын дұрыс қолдану біліктерін дамыту;
- 2) сөйлеу тілінің коммуникативті сапасын және қарым-қатынас дағдыларды жетілдіру;
- 3) білім алушылардың мультимедиялық технологияларды қолдану арқылы барлық сенсорлық жүйелерін дамыту және түзету;
- 4) көру – қозғалыс және моторлы бағдарлауын дамыту;
- 5) оқытудың белсенді әдістерін ендіру, ақпараттық-коммуникациялық ортаны құру, функционалды сауаттылығын дамыту арқылы білім алушыларды әлеуметтендіру.

2 - тарау. Оқу процесін ұйымдастырудағы педагогикалық тәсілдер

5. Оқыту процесін ұйымдастырудағы қағидалар:

- 1) оқу материалдары негізінде таным үрдістерін түзетуге, сөйлеу іс-әрекетін дамытуға бағытталған, арнайы іріктеліп алынған іс-әрекет түрлері мен тапсырмалар көмегімен ынталандырып, дамытып оқыту;
- 2) сабақ барысында сөйлеу режимін сақтау: жеке сабақ кезінде дыбыс айтыуын қадағалау, ауызша және жазбаша сөйлеу тіліндегі аграмматизмдерді жою, тұтығатын білім алушылардың сөйлеу тілінің қарқынын, ырғақтылығын және бір келкілігін қалыптандыру;
- 3) ұсынылған оқу материалының полисенсорлы болуы;
- 4) көру қабілетін дамыту арқылы байланыстырып монологты сөйлеу дағдыларын қалыптастыру;
- 5) дене бітімінің, көруінің бұзылылыстарын алдын алу, психоэмоционалды аландаушылықты жою, жалпы және ұсақ моторикасын, сөйлеу кезіндегі тыныс алуын түзетуге арналған денсаулық сақтау технологияларын қолдану;
- 6) теория мен практиканың арасындағы алшақтықтың алдын алу үшін шығармашылық, тәжірибелік іс-әрекетті ұйымдастыру;
- 7) сабақта іс-әрекет түрін жиі алмастыру.

6. Оқыту барысында заманауи жалпы дидактикалық және арнайы тәсілдер қолданылады:

- 1) зерттеушілік тәсіл «мұғалім-білім алушы» қатынасының сипатының өзгеруіне, өздігінен білім алу дағдыларының қалыптасуына, таным қызығушылықты тәрбиелеуге ықпал етеді;
- 2) құндылыққа-бағытталған тәсілді оқу іс-әрекетін белгілі бір құндылықтарды ұстану негізінде ұйымдастыру мен орындау, оның нәтижелерін алу және қолдану амалы ретінде қарастырады;
- 3) жеке тұлғаға бағытталған тәсіл оқу процесін жекелендіруге, білім

алушылардың жеке ерекшеліктерін, қажеттіліктерін және мүмкіндіктерін ескере отырып шығармашылық қабілеттерінің толық ашуына бағытталған;

4) іс-әрекеттік тәсіл өз бетімен білім алуға, өз оқу іс-әрекетінің мазмұны мен формасын сезінуге, оның ереже жүйесін қабылдауға және түсінуге мүмкіндік береді;

5) саралап оқыту тәсілі білім алушылардың сөйлеу бұзылыстарының ерекшеліктерін ескере отырып, әртүрлі білім алушылар тобы үшін оқу процесін арнайы ұйымдастыруды, білім алуда ерекше қажеттіліктерін қанағаттандыруды, шығармашылық және критикалық ойлауын дамытуды қарастырады;

6) құзыреттілік тәсіл білім алушылардың әлеуметтік тәжірибесін қолдану негізінде түрлі іс-әрекет барысында мәселелерді өзбетімен шешу қабілеттерін дамытуға бағытталған;

7) кіріктірілген тәсіл «Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар» пәнін басқа да оқу пәндерімен тығыз байланыстыруға мүмкіндік береді;

8) қарым-қатынастық тәсілмен үйлестіріп жобалық тәсілді қолдану білім алушылардың өзара және ата-аналармен, жергілікті қоғамдастықтардың өкілдерімен бірігіп; ұлттық-регионалдық құрам ерекшеліктерін ескере отырып ғылыми-зерттеушілік, шығармашылық және тәжірибелік мәселелерді шешу барысында тиімді іскерлік қарым-қатынас құруға мүмкіндік береді.

7. Білім алушылардың білімді тиімді меңгеруі оқу материалын білім алу мүмкіндіктерінің потенциалды деңгейін ескере отырып, өзекті деңгейінде беру және оқытудың ғылымилығы мен қолжетімділігі арасындағы теңгерімін сақтау арқылы жүзеге асады.

8. Білім алушылардың таным мүмкіндіктеріне қарай оқу пәнінің ғылыми мазмұны бейімделеді. Ол бірнеше әдістемелік шарттарды орындаумен анықталады:

1) таным үрдістерін когнитивті қолдау бойынша әдістемелік тәсілдер кешенін қолдану;

2) материалды біртіндеп күрделендіру, оны нақтылау, кванттау, рационалды дозалау, жаңа жағдайда білімді қолдануға арналған жаттығулар көлемін ұлғайту;

3) сөйлеу тілінің күрделі бұзылыстары бар білім алушыларға материалда ұсыну темпін қабылдау мүмкіндіктерін адекватты бағалау;

4) сөйлеуді шығаруды визуальды қолдау: заттар бойынша бағдарламалық терілген сөздерді, заттарға арналған айтылулар мен фразалардың, сөйлеудің құрылымдарының шаблондарын қолдану, байланыстырып ойын жеткізуге көмектесетін алгоритмдер, кестелер, жоспарлар, сызбаларды кеңінен қолдану, бейімделген оқу мәтіндерін қолдану.

9. Мұғалімнің кәсіби іс-әрекеті сыныптың логопедімен нәтижелі қатынас құруынан, тұтықпасы бар, ринолалиясы, алалия және дизартриялық бұзылыстары бар, аутизмге шалдыққан білім алушыларға жеке сабақта

түзетушілік қолдауды ұйымдастыруға мүмкіндік беретін арнайы әдістемелерді меңгеруінен тұрады.

3 - тарау. «Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар» пәнінің мазмұнын ұйымдастыру

10. «Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар» пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі:

- 1) 3 сыныпта – аптасына 1 сағат, оқу жылына 34 сағатты;
- 2) 4 сыныпта – аптасына 1 сағат, оқу жылына 34 сағатты құрайды.

11. Бағдарламаның мазмұны оқу бөлімдеріне бөлінген. Оқу бөлімдері сыныптар бойынша оқыту мақсаттарын көрсететін бөлімшелерге бөлінген, оқыту мақсаттары күтілетін нәтижелер ретінде берілген: білік немесе дағды, білім немесе түсіну.

12. Бағдарлама мазмұны келесідей бөлімдерді қамтиды:

- 1) «Компьютер» бөлімі;
- 2) «Ақпаратты ұсыну және өңдеу» бөлімі;
- 3) «Интернет желісінде жұмыс» бөлімі.

13. «Компьютер» бөлімі келесідей бөлімшелерді қамтиды:

- 1) компьютер құрылғысы;
- 2) программалық қамтамасыз ету;
- 3) қауіпсіздік техникасы.

14. «Ақпаратты ұсыну және өңдеу» бөлімі келесідей бөлімшелерді қамтиды:

- 1) мәтіндер;
- 2) графика;
- 3) презентациялар;
- 4) мультимедиа.

15. «Интернет желісінде жұмыс» бөлімі келесідей бөлімшелерді қамтиды:

- 1) ақпаратты іздеу;
- 2) ақпаратпен алмасу;
- 3) Интернет желісіндегі қауіпсіздік.

16. 3-сыныпқа арналған «Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар» пәнінің базалық мазмұны:

1) компьютер: компьютер құрылғысы: енгізу (тышқан, пернетақта, микрофон) және шығару құрылғылары (монитор, принтер, құлаққаптар, колонкалар); программалық қамтамасыз ету: компьютерлік программалардың қызметі (сілтеуіш, суреттерді көруге арналған программалар), программа менюі, меню командаларын қолдану, файлдар мен бумалар, компьютерде файлдарды ашу және сақтау; қауіпсіздік техникасы: қауіпсіздік техникасының ережелері, желіде орналасқан ақпараттың сенімділігі мен пайдасы;

- 2) ақпаратты өңдеу және көрсету: мәтіндер: мәтіндік редактордың

қызметі, программа менюі, сөйлемдерді, мәтінді теру және өңдеу, шрифті, символдар мен абзацтарды пішімдеу, мәтінмен болатын операциялар, символдарды қосу; графика: графикалық редактордың қызметі, суреттерді ашу және сақтау, редактор құралдарын қолдана отырып, сурет салу, түстер палитрасы, суреттерді өңдеу, суретті кесу, айналдыру және өлшемін өзгерту, сурет бөліктерінің көшірмесін жасау; презентация: презентация құру бағдарламаларын орнату, бағдарлама мәзірі, презентацияны ашу және сақтау, слайдта мәтіндер мен суреттерді орналастыру, слайдтан слайдқа көшу, презентация дизайны, дыбыс шығару, мультимедиа: дыбыстық ақпаратты енгізу және шығару құрылғысы, дыбыстық редактор орнату, жазба, дыбысты дыбыстарды шығару және түзету, дыбыс эффектілерін қолдану;

3) Интернет желісінде жұмыс: ақпаратты іздеу: веб-парақшаларды қарау бағдарламаларын орнату, іздеу жүйесі, түйін сөздер бойынша ақпаратты іздеу; ақпаратпен алмасу: ақпарат алмасу тәсілдері, белгіленген мәтіндер мен мәтіндегі суреттерді көшіру; Интернет желісіндегі қауіпсіздік: Интернет желісінде жұмыс жасау барысында қауіпсіздік сақтау ережелері.

17. 4-сыныпқа арналған «Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар» пәнінің базалық мазмұны:

1) компьютер: компьютердің құрылғылары: компьютердің сыртқы құрылғылары; программалық қамтамасыз ету: файлдармен және бумалармен жұмыс жасау, файлдармен және бумалармен операция жасау (құру, көшіру, орнын ауыстыру және жою), файлдармен және бумалармен жұмыс жасау кезінде мәнмәтіндік менюді қолдану, компьютерде ақпаратты іздеу (бума, файл, мәтіннің үзіндісі); қауіпсіздік техникасы: экранмен жабдықталған құрылғылармен жұмыс атқару барысында қауіпсіздік техникасының ережелерін сақтау;

2) ақпаратты өңдеу және көрсету: мәтіндер: мәтіндік құжаттағы иллюстрациялар, суреттер мен сәндік мәтінді кірістіру, маркерленген және нөмірленген тізімдер, мәтіннің үзіндісін құжат ішінен іздеу; графика: графикалық редакторлар, фотосуреттерді өңдеу (жарық, контраст, рамка), коллаж жасау; презентациялар: слайд макеті, презентациядағы нысандарға анимацияны баптау, суретті, сәндік мәтінді, видео мен дыбысты презентацияға қою; мультимедиа: дыбыспен жұмыс жасауға арналған программалар, дыбыспен жұмыс жасауға арналған компьютердің сыртқы құрылғылары, дыбыс редакторында әуен жазу, видеоны жазу және оны көруге арналған компьютердің сыртқы құрылғылары, видеоредакторлардың көмегімен видеоны жазу және оны өңдеу, видео үзінділерін көшіру, орнын ауыстыру және жою;

3) Интернет желісінде жұмыс: ақпаратты іздеу: браузер құралдары (закладки, история и загрузки); ақпарат алмасу: электронды почта, хабарламаларды қабылдау және жөнелту, сообщения с вложенными файлами; Интернет желісіндегі қауіпсіздік: құпиясөздер, сенімді құпиясөздің критерийлері.

4 - тарау. Оқу мақсаттарының жүйесі

18. Бағдарламада оқу мақсаттары кодтық белгімен белгіленген. Кодтық белгідегі бірінші сан сыныпты, екінші және үшінші сандар бөлім және бөлімшенің ретін, төртінші сан оқу мақсатының реттік нөмірін көрсетеді. Мысалы, 3.2.1.1 кодында: «3» – сынып, «2.1» – бөлімше, «1» – оқу мақсатының реттік нөмірі.

19. Оқыту мақсаттарының жүйесі бойынша күтілетін нәтижелер:

1) «Компьютер» бөлімі:

1-кесте

Бөлімшелер	Оқыту мақсаттары	
	3-сынып	4-сынып
1.1 Компьютер құрылғылары	3.1.1.1 компьютер құрылғыларын түсіндіру (пернетақта, тышқан, жүйелік блок, монитор); 3.1.1.2 енгізу (тышқан, пернетақта) және шығару (монитор мен принтер, дыбыс шығарғыш/кұлаққап) құрылғыларын ажырату; 3.1.1.3 негізгі терминдерді дұрыс айта алу, жазу және сөздікте белсенді қолдану	4.1.1.1 компьютердің сыртқы құрылғыларына мысал келтіру; 4.1.1.2 байланыстырып сөйлеу тілінде сөздік-терминдерді өз бетімен дұрыс қолдану
1.2 Программалық қамтамасыз ету	3.1.2.1 компьютерлік бағдарламалар қолданбалы міндеттерді орындау үшін қолдану; 3.1.2.2 компьютерлік бағдарламаларда файлдарды ашу және сақтау командаларын қолдану; 3.1.2.3 үлгі бойынша файлдар мен бумаларды құру және ұғымын түсіну; 3.1.2.4 компьютерлік бағдарламаларда команда мәзірін қолдану; 3.1.2.5 заттық-графикалық сызбаға сүйене отырып,	4.1.2.1 қолданбалы бағдарламаларды қолдану мүмкіндіктері туралы айту; 4.1.2.2 файлдар мен бумаларды құру, көшіру, орнын ауыстыру және жою, белсенді тындау дағдысын меңгеру; 4.1.2.3 өз жұмысында мәнмәтіндік мәзірді қолдану; 4.1.2.4 сөйлеу мәдениетін меңгеруге ұмтылу, сөйлеу сапасын бақылау; 4.1.2.5 оқу диалогын құру, өрбіту және аяқтау

	тапсырманы орындау барысын жоспарлау	
1.3 Қауіпсіздік техникасы	3.1.3.1 сандық құрылғылармен жұмыс істегенде негізгі қауіпсіздік ережелерді ұстану; 3.1.3.2 интернет желісіндегі барлық ақпараттар сенімді және пайдалы еместігін түсіну; 3.1.3.3 ақпаратты графикалық түрде ұсыну және көру арқылы байланысқан айтылымдар құрастыру	4.1.3.1 экранмен жабдықталған цифрлық құрылғылармен (телефондар, планшеттер, интерактивті тақталар) жұмыс жасауда уақытты шектеу маңыздылығын түсіндіру; 4.1.3.2 «қолдаймын және қарсымын» деген тірек сызбаға сүйеніп мәтін-тұжырымдар құрау; 4.1.3.3 өзінің сөйлеуін дұрыс бағалау, қоршаған адамдардың әрекетін бағалау

2) «Ақпаратты ұсыну және өңдеу» бөлімі:
2-кесте

Бөлімшелер	Оқыту мақсаттары	
	3-сынып	4-сынып
2.1 Мәтіндер	3.2.1.1 мәтіндік редакторда сөйлемдерді теруді жүзеге асыру, қалаған нәтижесін алу мақсатында іс-әрекетінің мақсаты мен міндеттерін құрастыру; 3.2.1.2 қаріпті пішімдеу (қаріптің жазылу стилі, түсі, түзету); 3.2.1.3 құжаттағы ерекшеленген мәтінді қиып алу, көшіру, қою және өз іс-әрекетін жоспарлау, бақылау, бағалау; 3.2.1.4 байланыстырып сөйлеуінде өз іс-әрекетінің негізгі мағынасын жеткізу	4.2.1.1 маркірленген және нөмірленген тізім құру; 4.2.1.2 мәтіндік құжатқа суреттер, сәндік мәтін кірістіру (WordArt); 4.2.1.3 көру және ауызша нұсқаулық бойынша жұмыс жасау
2.2 Графика	3.2.2.1 қарапайым графикалық редактор құралдарын қолдану; 3.2.2.2 нысанның сыртқы	4.2.2.1 біртұтас сурет құру үшін бірнеше кескінді біріктіру; 4.2.2.2 жазбаша нұсқауға

	түрін өзгерту (қию, бұру, өлшемін өзгерту); 3.2.2.3 әртүрлі тәсілмен ұсынылған ақпаратпен жұмыс дағдысын меңгеру	сәйкес жұмыс жасау
2.3 Презентациялар	3.2.3.1 мәтін мен видеолардан тұратын қарапайым презентациялар жасау және жасалған жұмыстың сапасына бағалап айтып беру; 3.2.3.2 слайдтар арасындағы ауысуларды пайдалану; 3.2.3.3 презентацияны безендіру үшін дайын дизайнды пайдалану; 3.2.3.4 презентация түрінде өз ойын ұсыну	4.2.3.1 слайдқа макет дайындау; 4.2.3.2 презентациядағы нысандарға анимацияны баптау; 4.2.3.3 іс-әрекетін жоспарлау мен реттеуде сөйлеуді қолдану; 4.2.3.4 презентация түрінде өз ойын дайындау және ұсыну
2.4 Мультимедиа	3.2.4.1 программаны пайдалана отырып, дыбысты жазу, өңдеу және шығару; 3.2.4.2 белгілі бір тақырып бойынша фотоларды қолдану; 3.2.4.3 түсіну мен нақтылау үшін тік, жанама және баламалы сұрақтар қою	4.2.4.1 ауызша және жазбаша нұсқаулықпен әуен шығару бағдарламаларын қолдану; 4.2.4.2 фотосуреттерді өңдеуге арналған программаларды қолдану (жарық, контраст, рамка); 4.2.4.3 белгілі бір тақырыпқа видеокөріністер жазу; 4.2.4.4 оқу міндетін орындауда сыныптастарымен бірігу

3) «Интернет желісінде жұмыс» бөлімі:
3-кесте

Бөлімшелер	Оқыту мақсаттары	
	3-сынып	4-сынып
3.1 Ақпаратты іздеу	3.3.1.1 нақты сұрақтарға жауап табу үшін Интернеттің іздеу жүйелерін қолдану; 3.3.1.2 жасалған	4.3.1.1 ақпаратты іздеу (компьютердегі файлдар мен бумаларды, құжаттағы мәтіннің үзіндісі); 4.3.1.2 браузер құралдарын

	жұмыстың сапасы туралы бағалап айтып беру	қолдану (бетбелгілер орнату, жүктеулерді және тарихын қарау); 4.3.1.3 топта нәтижелі қарым-қатынас орнату үшін вербальды және вербальды емес құралдарды дұрыс таңдау
3.2 Ақпаратпен алмасу	3.3.2.1 желіде ақпарат алмасу жолдарын түсіндіру; 3.3.2.2 шаблон және тірек сөздер бойынша монолог – тұжырым құру	4.3.2.1 қоса тіркелген файлдары бар хабарламаларды электрондық поштамен жіберу және алу; 4.3.2.2 жазбаша түрде ақпаратты хабарламалар құру, түзету; 4.3.2.3 критерийлер бойынша өзгені және өзінің сөйлеуін бағалау
3.3 Интернет желісіндегі қауіпсіздік	3.3.3.1 желідегі қажетсіз байланыстың қауіпін түсіну; 3.3.3.2 мәтін – тұжырым құрылымына сүйене отырып, өз ұстанымын сенімді дәлелдеу	4.3.3.1 сенімді құпиясөз критерийлерін құрастыру және ұсыну; 4.3.3.2 алгоритмдер мен есте сақтау нұсқауларын құру

20. Бағдарлама сөйлеу тілінің күрделі бұзылыстары бар білім алушыларға арналған бастауыш білім беру деңгейінің 3-4-сыныптары үшін «Ақпараттық коммуникациялық технологиялар» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасының ұзақ мерзімді жоспары негізінде осы Бағдарламаның қосымшасына сәйкес жүзеге асырылады. Ұзақ мерзімді жоспарда барлық сынып бойынша әр бөлімде қамтылатын оқу мақсаттарының көлемі белгіленген.

21. Бөлімдер мен тақырыптар бойынша сағат сандарын бөлу мұғалімнің еркіне қалдырылады.

Бастауыш білім беру деңгейінің
3-4-сыныптары үшін «Ақпараттық-
коммуникациялық технологиялар»
пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік
оқу бағдарламасына қосымша

Сөйлеу тілінің күрделі бұзылыстары бар білім алушыларға арналған
бастауыш білім беру деңгейінің 3-4 сыныптары үшін «Ақпараттық-коммуникациялық
технологиялар» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасын жүзеге асыру
бойынша ұзақмерзімді жоспар

1) 3-сынып:
1-кесте

Бөлім	Бөлімшелер	Оқыту мақсаттары
1-тоқсан		
Тірі табиғат	Компьютер құрылғысы	3.1.1.1 компьютер құрылғыларын түсіндіру (пернетақта, тышқан, жүйелік блок, монитор); 3.1.1.2 енгізу (тышқан, пернетақта,) және шығару (монитор мен принтер, дыбыс шығарғыш/ құлаққап) құрылғыларын ажырату; 3.1.2.1 компьютерлік бағдарламалар қолданбалы міндеттерді орындау үшін қолдану; 3.1.3.1 сандық құрылғылармен жұмыс істегенде негізгі қауіпсіздік ережелерді ұстану; 3.1.3.3 ақпаратты графикалық түрде ұсыну және көру арқылы байланысқан айтылымдар құрастыру
	Файлдар мен бумалар	3.1.2.2 компьютерлік бағдарламаларда файлдарды ашу және сақтау командаларын қолдану; 3.1.2.3 үлгі бойынша файлдар мен бумаларды құру және ұғымын түсіну; 3.2.4.2 белгілі бір тақырып бойынша фотоларды қолдану; 3.2.4.3 түсіну мен нақтылау үшін тік, жанама және баламалы сұрақтар қою
	Программалар терезесі	3.1.1.1 компьютер құрылғыларын түсіндіру ((пернетақта, тышқан, жүйелік блок, монитор); 3.1.1.2 енгізу (тышқан, пернетақта,) және шығару (монитор мен принтер, дыбыс шығарғыш/ құлаққап) құрылғыларын ажырату; 3.1.2.1 компьютерлік бағдарламалар қолданбалы міндеттерді орындау үшін қолдану; 3.1.2.4 компьютерлік бағдарламаларда команда мәзірін қолдану; 3.1.2.5 заттық-графикалық сызбаға сүйене отырып, тапсырманы орындау барысын жоспарлау
Жақсыдан үйрен,	Мәтінді теру және өңдеу	3.1.2.1 компьютерлік бағдарламалар қолданбалы міндеттерді орындау үшін қолдану;

жаманнан жирен (жарық пен қараңғы)		3.1.2.2 компьютерлік бағдарламаларда файлдарды ашу және сақтау командаларын қолдану; 3.2.1.1 мәтіндік редакторда сөйлемдерді теруді жүзеге асыру, қалаған нәтижесін алу мақсатында іс-әрекетінің мақсаты мен міндеттерін құрастыру
	Мәтінді пішімдеу	3.1.2.2 компьютерлік бағдарламаларда файлдарды ашу және сақтау командаларын қолдану; 3.1.2.4 компьютерлік бағдарламаларда команда мәзірін қолдану; 3.2.1.1 мәтіндік редакторда сөйлемдерді теруді жүзеге асыру, қалаған нәтижесін алу мақсатында іс-әрекетінің мақсаты мен міндеттерін құрастыру; 3.2.1.2 қаріпті пішімдеу (қаріптің жазылу стилі, түсі, түзету); 3.2.1.3 құжаттағы ерекшеленген мәтінді қиып алу, көшіру, қою және өз іс-әрекетін жоспарлау, бақылау, бағалау; 3.2.1.4 байланыстырып сөйлеуінде өз іс-әрекетінің негізгі мағынасын жеткізу
2- тоқсан		
Уақыт	Дыбысты жазу және ойнату	3.1.1.1 компьютер құрылғыларын түсіндіру ((пернетақта, тышқан, жүйелік блок, монитор); 3.1.1.2 енгізу (тышқан, пернетақта,) және шығару (монитор мен принтер, дыбыс шығарғыш/ құлаққап) құрылғыларын ажырату; 3.1.2.1 компьютерлік бағдарламалар қолданбалы міндеттерді орындау үшін қолдану; 3.1.3.1 сандық құрылғылармен жұмыс істегенде негізгі қауіпсіздік ережелерді ұстану; 3.2.4.1 программаны пайдалана отырып, дыбысты жазу, өңдеу және шығару
	Дыбыстық эффектілер	3.1.1.1 компьютер құрылғыларын түсіндіру ((пернетақта, тышқан, жүйелік блок, монитор); 3.1.1.2 енгізу (тышқан, пернетақта,) және шығару (монитор мен принтер, дыбыс шығарғыш/ құлаққап) құрылғыларын ажырату; 3.1.2.4 компьютерлік бағдарламаларда команда мәзірін қолдану; 3.1.2.5 заттық-графикалық сызбаға сүйене отырып, тапсырманы орындау барысын жоспарлау 3.2.4.1 программаны пайдалана отырып, дыбысты жазу, өңдеу және шығару
	Дыбысты өңдеу	3.1.2.2 компьютерлік бағдарламаларда файлдарды ашу және сақтау командаларын қолдану; 3.1.3.1 сандық құрылғылармен жұмыс істегенде негізгі қауіпсіздік ережелерді ұстану; 3.2.4.1 программаны пайдалана отырып, дыбысты жазу, өңдеу және шығару
Сәулет	Графикалық редактордың	3.1.2.1 компьютерлік бағдарламалар қолданбалы міндеттерді орындау үшін қолдану;

	құралдары	3.1.2.2 компьютерлік бағдарламаларда файлдарды ашу және сақтау командаларын қолдану; 3.1.2.4 компьютерлік бағдарламаларда команда мәзірін қолдану; 3.1.2.5 заттық-графикалық сызбаға сүйене отырып, тапсырманы орындау барысын жоспарлау 3.1.3.1 сандық құрылғылармен жұмыс істегенде негізгі қауіпсіздік ережелерді ұстану; 3.2.2.1 қарапайым графикалық редактор құралдарын қолдану
	Суретті өңдеу	3.1.2.1 компьютерлік бағдарламалар қолданбалы міндеттерді орындау үшін қолдану; 3.1.2.2 компьютерлік бағдарламаларда файлдарды ашу және сақтау командаларын қолдану; 3.2.2.1 қарапайым графикалық редактор құралдарын қолдану
3-тоқсан		
Өнер	Графикалық редактордағы фигуралар	3.1.2.1 компьютерлік бағдарламалар қолданбалы міндеттерді орындау үшін қолдану; 3.1.2.4 компьютерлік бағдарламаларда команда мәзірін қолдану; 3.1.2.5 заттық-графикалық сызбаға сүйене отырып, тапсырманы орындау барысын жоспарлау 3.2.2.1 қарапайым графикалық редактор құралдарын қолдану
	Қайталанатын үлгілер	3.1.2.4 компьютерлік бағдарламаларда команда мәзірін қолдану; 3.2.2.1 қарапайым графикалық редактор құралдарын қолдану; 3.2.2.2 нысанның сыртқы түрін өзгерту (кию, бұру, өлшемін өзгерту); 3.2.2.3 әртүрлі тәсілмен ұсынылған ақпаратпен жұмыс дағдысын меңгеру
	Түстер палитрасы	3.1.2.2 компьютерлік бағдарламаларда файлдарды ашу және сақтау командаларын қолдану; 3.2.2.1 қарапайым графикалық редактор құралдарын қолдану; 3.2.2.2 нысанның сыртқы түрін өзгерту (кию, бұру, өлшемін өзгерту); 3.2.2.3 әртүрлі тәсілмен ұсынылған ақпаратпен жұмыс дағдысын меңгеру 3.2.4.2 белгілі бір тақырып бойынша фотоларды қолдану
Атақты тұлғалар	Ақпаратты іздеу	3.1.2.1 компьютерлік бағдарламалар қолданбалы міндеттерді орындау үшін қолдану; 3.1.2.2 компьютерлік бағдарламаларда файлдарды ашу және сақтау командаларын қолдану; 3.2.1.3 құжаттағы ерекшеленген мәтінді қиып алу, көшіру, қою және өз іс-әрекетін жоспарлау, бақылау, бағалау;

		3.3.1.1 нақты сұрақтарға жауап табу үшін Интернеттің іздеу жүйелерін қолдану
	Интернеттегі қауіпсіздік	3.2.1.1 мәтіндік редакторда сөйлемдерді теруді жүзеге асыру, қалаған нәтижесін алу мақсатында іс-әрекетінің мақсаты мен міндеттерін құрастыру; 3.3.1.1 нақты сұрақтарға жауап табу үшін Интернеттің іздеу жүйелерін қолдану; 3.3.2.1 желіде ақпарат алмасу жолдарын түсіндіру; 3.3.2.2 шаблон және тірек сөздер бойынша монолог – тұжырым құру 3.3.3.1 желідегі қажетсіз байланыстың қаупін түсіну; 3.3.3.2 мәтін – тұжырым құрылымына сүйене отырып, өз ұстанымын сенімді дәлелдеу
	Презентация құру	3.1.2.4 компьютерлік бағдарламаларда команда мәзірін қолдану; 3.1.2.5 заттық-графикалық сызбаға сүйене отырып, тапсырманы орындау барысын жоспарлау 3.2.3.1 мәтін мен видеолардан тұратын қарапайым презентациялар жасау және жасалған жұмыстың сапасына бағалап айтып беру; 3.2.3.2 слайдтар арасындағы ауысуларды пайдалану; 3.2.3.3 презентацияны безендіру үшін дайын дизайнды пайдалану; 3.2.3.4 презентация түрінде өз ойын ұсыну 3.3.1.1 нақты сұрақтарға жауап табу үшін Интернеттің іздеу жүйелерін қолдану
4-тоқсан		
Су – тіршілік көзі	Презентация құрып безендіру	3.1.2.2 компьютерлік бағдарламаларда файлдарды ашу және сақтау командаларын қолдану; 3.1.2.4 компьютерлік бағдарламаларда команда мәзірін қолдану; 3.1.2.5 заттық-графикалық сызбаға сүйене отырып, тапсырманы орындау барысын жоспарлау 3.2.3.1 мәтін мен видеолардан тұратын қарапайым презентациялар жасау және жасалған жұмыстың сапасына бағалап айтып беру; 3.2.4.2 белгілі бір тақырып бойынша фотоларды қолдану; 3.2.4.3 түсіну мен нақтылау үшін тік, жанама және баламалы сұрақтар қою
	Презентацияға арналған ақпарат	3.1.2.2 компьютерлік бағдарламаларда файлдарды ашу және сақтау командаларын қолдану; 3.2.1.3 құжаттағы ерекшеленген мәтінді қиып алу, көшіру, қою және өз іс-әрекетін жоспарлау, бақылау, бағалау; 3.2.3.1 мәтін мен видеолардан тұратын қарапайым презентациялар жасау және жасалған жұмыстың сапасына бағалап айтып беру; 3.2.3.2 слайдтар арасындағы ауысуларды

		<p>пайдалану;</p> <p>3.2.3.3 презентацияны безендіру үшін дайын дизайнды пайдалану;</p> <p>3.2.3.4 презентация түрінде өз ойын ұсыну</p> <p>3.3.1.1 нақты сұрақтарға жауап табу үшін Интернеттің іздеу жүйелерін қолдану</p>
Демалыс мәдениеті. Мерекелер	Мәтінмен жұмыс	<p>3.2.1.1 мәтіндік редакторда сөйлемдерді теруді жүзеге асыру, қалаған нәтижесін алу мақсатында іс-әрекетінің мақсаты мен міндеттерін құрастыру;</p> <p>3.2.1.3 құжаттағы ерекшеленген мәтінді қиып алу, көшіру, қою және өз іс-әрекетін жоспарлау, бақылау, бағалау;</p> <p>3.2.1.4 байланыстырып сөйлеуінде өз іс-әрекетінің негізгі мағынасын жеткізу;</p> <p>3.3.1.1 нақты сұрақтарға жауап табу үшін Интернеттің іздеу жүйелерін қолдану</p>
	Пернетақтада жоқ символдар	<p>3.2.1.3 құжаттағы ерекшеленген мәтінді қиып алу, көшіру, қою және өз іс-әрекетін жоспарлау, бақылау, бағалау;</p> <p>3.2.1.4 байланыстырып сөйлеуінде өз іс-әрекетінің негізгі мағынасын жеткізу</p> <p>3.2.4.2 белгілі бір тақырып бойынша фотоларды қолдану;</p> <p>3.2.4.3 түсіну мен нақтылау үшін тік, жанама және баламалы сұрақтар қою</p>
	Презентациядағы дыбыстар	<p>3.3.1.1 нақты сұрақтарға жауап табу үшін Интернеттің іздеу жүйелерін қолдану;</p> <p>3.3.1.2 жасалған жұмыстың сапасы туралы бағалап айтып беру</p> <p>3.2.4.1 программаны пайдалана отырып, дыбысты жазу, өңдеу және шығару</p>

2) 4-сынып:
2-кесте

Бөлім	Бөлімшелер	Оқыту мақсаттары
1-тоқсан		
Менің Отаным – Қазақстан	Фотосуреттерді өңдеу	<p>4.1.3.1 экранмен жабдықталған цифрлық құрылғылармен (телефондар, планшеттер, интерактивті тақталар) жұмыс жасауда уақытты шектеу маңыздылығын түсіндіру;</p> <p>4.2.2.1 біртұтас сурет құру үшін бірнеше кескінді біріктіру;</p> <p>4.2.2.2 жазбаша нұсқауға сәйкес жұмыс жасау;</p> <p>4.2.4.2 фотосуреттерді өңдеуге арналған программаларды қолдану (жарық, контраст, рамка)</p>
	Файлдармен және бумалармен жұмыс жасау	<p>4.1.2.1 қолданбалы бағдарламаларды қолдану мүмкіндіктері туралы айту;</p> <p>4.1.2.2 файлдар мен бумаларды құру, көшіру, орнын ауыстыру және жою, белсенді тыңдау</p>

		дағдысын меңгеру; 4.1.2.3 өз жұмысында мәнмәтіндік мәзірді қолдану; 4.1.2.4 сөйлеу мәдениетін меңгеруге ұмтылу, сөйлеу сапасын бақылау
Адами құндылықтар	Құжаттағы суреттер	4.1.2.2 файлдар мен бумаларды құру, көшіру, орнын ауыстыру және жою, белсенді тыңдау дағдысын меңгеру; 4.2.1.2 мәтіндік құжатқа суреттер, сәндік мәтін кірістіру (WordArt)
	Тізімдер	4.1.2.3 өз жұмысында мәнмәтіндік мәзірді қолдану; 4.1.2.4 сөйлеу мәдениетін меңгеруге ұмтылу, сөйлеу сапасын бақылау; 4.2.1.1 маркірленген және нөмірленген тізім құру; 4.3.1.1 ақпаратты іздеу (компьютердегі файлдар мен бумаларды, құжаттағы мәтіннің үзіндісі)
2-тоқсан		
Мәдени мұра	Дыбыспен жұмыс жасауға арналған программалар	4.1.2.1 қолданбалы бағдарламаларды қолдану мүмкіндіктері туралы айту; 4.2.4.1 ауызша және жазбаша нұсқаулықпен әуен шығару бағдарламаларын қолдану
	Әуен жазу	4.1.1.1 компьютердің сыртқы құрылғыларына мысал келтіру; 4.1.1.2 байланыстырып сөйлеу тілінде сөздік-терминдерді өз бетімен дұрыс қолдану; 4.2.4.1 ауызша және жазбаша нұсқаулықпен әуен шығару бағдарламаларын қолдану
Мамандықтар әлемі	Презентацияға арналған ақпараттар	4.2.3.1 слайдқа макет дайындау; 4.3.1.1 ақпаратты іздеу (компьютердегі файлдар мен бумаларды, құжаттағы мәтіннің үзіндісі); 4.3.1.2 браузер құралдарын қолдану (бетбелгілер орнату, жүктеулерді және тарихын қарау); 4.3.1.3 топта нәтижелі қарым-қатынас орнату үшін вербальды және вербальды емес құралдарды дұрыс таңдау
	Презентациядағы анимациялар	4.2.2.1 біртұтас сурет құру үшін бірнеше кескінді біріктіру; 4.2.2.2 жазбаша нұсқауға сәйкес жұмыс жасау 4.2.3.2 презентациядағы нысандарға анимацияны баптау; 4.2.3.3 іс-әрекетін жоспарлау мен реттеуде сөйлеуді қолдану
3-тоқсан		
Табиғи құбылыстар	Видеожазба	4.1.1.1 компьютердің сыртқы құрылғыларына мысал келтіру; 4.1.1.2 байланыстырып сөйлеу тілінде сөздік-терминдерді өз бетімен дұрыс қолдану 4.1.2.1 қолданбалы бағдарламаларды қолдану мүмкіндіктері туралы айту; 4.2.4.3 белгілі бір тақырыпқа видеокөріністер жазу; 4.2.4.4 оқу міндетін орындауда сыныптастарымен

		бірігу
	Видеоны өңдеу	4.1.2.2 файлдар мен бумаларды құру, көшіру, орнын ауыстыру және жою, белсенді тыңдау дағдысын меңгеру; 4.2.4.3 белгілі бір тақырыпқа видеокөріністер жазу; 4.2.4.4 оқу міндетін орындауда сыныптастарымен бірігу
Қоршаған ортаны қорғау	Презентациядағы дыбыстар	4.2.1.2 мәтіндік құжатқа суреттер, сәндік мәтін кірістіру (WordArt); 4.2.1.3 көру және ауызша нұсқаулық бойынша жұмыс жасау; 4.2.3.2 презентациядағы нысандарға анимацияны баптау; 4.2.3.3 іс-әрекетін жоспарлау мен реттеуде сөйлеуді қолдану
	Презентациядағы видео	4.3.1.1 ақпаратты іздеу (компьютердегі файлдар мен бумаларды, құжаттағы мәтіннің үзіндісі); 4.2.3.2 презентациядағы нысандарға анимацияны баптау; 4.2.3.3 іс-әрекетін жоспарлау мен реттеуде сөйлеуді қолдану
4-тоқсан		
Ғарышқа саяхат	Интернет арқылы мәліметтер жіберу	4.1.2.2 файлдар мен бумаларды құру, көшіру, орнын ауыстыру және жою, белсенді тыңдау дағдысын меңгеру; 4.1.2.3 өз жұмысында мәнмәтіндік мәзірді қолдану; 4.1.2.4 сөйлеу мәдениетін меңгеруге ұмтылу, сөйлеу сапасын бақылау; 4.3.2.1 қоса тіркелген файлдары бар хабарламаларды электрондық поштамен жіберу және алу; 4.3.2.2 жазбаша түрде ақпартты хабарламалар құру, түзету; 4.3.2.3 критерийлер бойынша өзгені және өзінің сөйлеуін бағалау
	Құпиясөз күші	4.3.1.2 браузер құралдарын қолдану (бетбелгілер орнату, жүктеулерді және тарихын қарау); 4.3.1.3 топта нәтижелі қарым-қатынас орнату үшін вербальды және вербальды емес құралдарды дұрыс таңдау 4.3.2.1 қоса тіркелген файлдары бар хабарламаларды электрондық поштамен жіберу және алу; 4.3.2.2 жазбаша түрде ақпартты хабарламалар құру, түзету; 4.3.2.3 критерийлер бойынша өзгені және өзінің сөйлеуін бағалау 4.3.3.1 сенімді құпиясөз критерийлерін құрастыру және ұсыну; 4.3.3.2 алгоритмдер мен есте сақтау нұсқауларын

		құру
Болашаққа саяхат	Компьютердің құрылғылары	4.1.1.1 компьютердің сыртқы құрылғыларына мысал келтіру; 4.1.1.2 байланыстырып сөйлеу тілінде сөздік-терминдерді өз бетімен дұрыс қолдану 4.1.3.1 экранмен жабдықталған цифрлық құрылғылармен (телефондар, планшеттер, интерактивті тақталар) жұмыс жасауда уақытты шектеу маңыздылығын түсіндіру; 4.1.3.2 «қолдаймын және қарсымын» деген тірек сызбаға сүйеніп мәтін-тұжырымдар құрау
	Бейнелерді құру	4.2.2.1 біртұтас сурет құру үшін бірнеше кескінді біріктіру; 4.2.4.2 фотосуреттерді өңдеуге арналған программаларды қолдану (жарық, контраст, рамка); 4.3.1.1 ақпаратты іздеу (компьютердегі файлдар мен бумаларды, құжаттағы мәтіннің үзіндісі); 4.3.1.2 браузер құралдарын қолдану (бетбелгілер орнату, жүктеулерді және тарихын қарау); 4.3.1.3 топта нәтижелі қарым-қатынас орнату үшін вербальды және вербальды емес құралдарды дұрыс таңдау 4.2.3.4 презентация түрінде өз ойын дайындау және ұсыну